

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы Экологиялық мәдениет айы

«Тазалықты сүйеміз» тазалық күнін ұйымдастыру



«Тазалықты сүйеміз» атты тазалық күні балабақшада ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – тәрбиеленушілердің тазалыққа, ұқыптылыққа деген көзқарасын қалыптастыру, қоршаған ортаны таза ұстауға, еңбекқорлыққа және табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Тазалық күні барысында балалар топ бөлмелерін ретке келтіруге, ойыншықтарды орнына қоюға, айналаны таза ұстаудың маңызын түсінуге бағытталған жұмыстарға қатысты. Тазалық туралы әңгімелер жүргізіліп, ойындар мен танымдық жұмыстар ұйымдастырылды.

Іс-шара жоғары деңгейде өткізіліп, балалардың тазалыққа деген жауапкершілігі мен қызығушылығы артты.

Ғарышкерлер күніне көрме



Ғарышкерлер күні» мерекесіне арналған көрме

Мақсаты: Балалардың ғарыш әлеміне деген қызығушылығын арттыру, қиялын дамыту және шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

«Ғарышкерлер күні» мерекесіне орай балабақшада «Ғарыш әлеміне саяхат» атты сурет және қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге тәрбиеленушілер ата-аналарымен бірлесе отырып, ғарыш кемесі, ғаламшарлар, жұлдыздар мен ғарышкерлер бейнесіндегі түрлі шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

Көрме барысында балалар ғарыш туралы білімдерін толықтырып, өз еңбектерін мақтанышпен таныстырды. Ұйымдастырылған шара балалардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілетін және эстетикалық талғамын дамытуға ықпал етті.